

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы N 780 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 тамыздағы N 1251 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.08.27. N 1251 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 17, 190-күжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесінде:

1-тармақтың бірінші абзацы "(бұдан әрі - орта мерзімді жоспарлар)," деген сөздерден кейін "акционері ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияларды (бұдан әрі - ұлттық компаниялар) қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтың б) тармақшасы және 14-тармақтың он үшінші абзацындағы "ұлттық компанияларды" деген сөздерден кейін ", оның ішінде акционері ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияларды" деген сөздермен толықтырылсын;

19-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*

*Премьер-Министрі*